

А.А. Мазабекова<sup>1,а</sup>, О.И. Чуркина<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы, Қазақстан, <sup>а</sup>olga.churkina.54@mail.ru

### РМК «ҚАЗСТИН» ОФ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

**Аннотация.** в работе проведен анализ организации работ по созданию проектов стандартов на предприятии ЮФ РГП «КазИнСт», подробно рассмотрены вопросы международного сотрудничества и партнерства, приведены сведения об организации, дан общий алгоритм разработки нормативных документов

**Abstract.** the analysis of organization of works is in-process conducted on creation of projects of standards on the enterprise of RSE "Kazinst", the questions of international cooperation and partnership are considered in detail, information over is brought about organization, the general algorithm of development of normative documents is given

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста ҚазСтИн РМК ОФ кәсіпорынында стандарттар жобасын әзірлеу, сонымен қатар дүниежүзілік серіктестік және ынтымақтастығы, кәсіпорын туралы жалпы мәлімет, жобаны әзірлеу процесі оны жүзеге асыру.

**Ключевые слова:** разработка нормативного документа, редакция проекта стандарта

**Keywords:** development of normative document, release of project of standard

**Түйінді сөздер:** нормативті құжаттарды әзірлеу, стандарт жобасының редакциясы

Қазіргі кезде ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына, халықтар арасында экономикалық, техникалық және ғылыми қатынастардың дамуына байланысты халық шаруашылығының барлық салаларын стандарт-тауға көп көңіл бөлінуде.

Әлемнің дамыған және дамушы елдерінде, халықаралық, аймақтық, ұлттық ұйымдар мен фирмаларда, түрлі кәсіпорындарда, өндіріс пен экономиканы басқаруда стандарттау мен сертификаттау өте қажет. Ғылым мен техниканың алға басуына, өндірістің дамуына байланысты, стандарттау принциптерін қолданудың өрісі күннен күнге кенеюде.


Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік экономикаға қадам басуда және келешекте экономика әлемінде көрнекті орындардан көрсетуге ұмтылуда. Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алады. Елімізде ғылыми тұрғыдан құндылығы жоғары өңдеу өндірістерін дамытуға бағытталған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы енгізілуде. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру алдында тұр. Біз өмір сүріп жатқан жаһандану және интеграциялану ғасырында, қызметтер мен тауарлардың бүкіләлемдік нарығына халықаралық стандарттарсыз кіру мүмкін емес.

Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны өткен 15 жыл ішінде республикада өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін техникалық реттеуге арналған заңнамалық негіздер мен нормативтік базаны дамыту және жетілдіру бойынша міндеттерді орындау және оларды халықаралық талаптармен үйлестіру мақсатында өз қызметін жүзеге асырып келеді.

Институт Техникалық реттеу және метрология комитеті ведомствосына қарасты кәсіпорын ретінде құрылған болатын. Облыс орталықтарында 16 филиалы бар. Қазақстан жас тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік экономикалық қоғамдастыққа кіру бойынша белсенді интеграциялық үдерістерді жүзеге асыра бастаған кезде аталмыш құрылымды құру барынша маңызды міндет болды. Осы фактор Отанымыздың экономикасының барлық салаларында техникалық реттеу мәселелерін қайта қарауды талап етті, бұл кейіннен техникалық реттеу жүйесін реформалады.

Қазақстан Республикасының атынан халықаралық деңгейде шыға алатын мамандарды, стандарттау және сертификаттау саласындағы кадрларды даярлауға және қайта даярлауға барынша қажеттілік туындады. Стандарттау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтарды дамыту мақсатында, қазақстандық стандарттардың дәрежесін арттыруға стандарт-таудың ұлттық жүйесін халықаралық, өңірлік және шетелдердің үдемелі ұлттық стандарттау жүйесімен үйлестіру үшін «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» кәсіпорны стандарттау жөніндегі ұлттық органдармен келісімдер жасасқан.

Атап айтқанда, институт бүгінгі күні Америка ұлттық стандарттар институты (ANSI), Неміс стандарттау институты (DIN), Америка инженер-механиктер қоғамы (ASME), Америка материалдарды сынау қоғамы (ASTM), Британия стандарттар институты (BSI) секілді құрылымдармен белсенді ынтымақтастықта.



сурет 1 - «ҚАЗСТИН» РМК құрылымы

Институт халықаралық стандарттарды үйлестіру үдерісінде үлкен роль атқарды. Институт Қазақстанның Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның жұмыстарына белсене қатысады, ИСО-ның 16 техникалық комитетінің толық құқылы мүшесі және 8 қосалқы комитетінде қадағалаушы-мүшесі болып табылады. Осы жылдар ішінде Институтта Стандарттар мен техникалық регламенттердің мемлекеттік қоры құрылған.

Екі жыл ішінде ИСО 9001 халықаралық стандарт негізінде институт сапа менеджмент жүйесін өңдеп шығарды. 2005 жылдың қазан айында шетел сертификаттау ұйымы сапа менеджмент жүйесіне қатысты сертификат үйлестірді: сертификаттау жөніндегі өнеркәсіптік дамыған елдер IQNet-халықаралық сертификаттау жүйесін құрайды, OQS - австриялық сертифицикаттау ұйымы, EUROCERT - Сербиялық сертификаттау ұйымы және EUROASIA MS - Қазақстанның сертификаттау ұйымы.

Техникалық реттеу саласында халықаралық тәжірибеде жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін техникалық реттеу саласындағы дайындықтың тиімді жүйесін және

кадрлардың квалификациясын жоғарлату қажет. Осы мақсатпен 10 жыл бойы институт кадрлардың квалификациясын жоғарлату және дайындық жүргізу мақсатында Астана.

Алматы қалаларында және жергілікті филиалдар мен өкілетті ұйымдарда қызмет көрсетіліп жатыр.

Институт Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» заңнамасының және техникалық реттеу саласындағы құжаттардың және нормативтік құқықтық актілердің негізгі өңдеушісі болғандықтан ұйымдар мен кәсіпорындардағы туындайтын техникалық реттеу саласы, стандарттау және сәйкестікті растау бойынша сұрақтарына оқыту курстарын/ семинарды өткізеді.

Төменде 1 суретте «ҚазСтИн» РМК құрылымы көрсетілген.

**Құрылу тарихы:** 1997 жылы Мемлекеттік стандарттар мен стандарттық үлгілердің ақпараттық орталығы құрылды, содан кейін оның негізінде 2000 жылы «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК құрылды.

**Стратегиялық бағыты:** Техникалық реттеу жүйесінің нормативтік құқықтық негізін дамытуға. Стандарттаудың дамуына. Қолданбалы ғылыми зерттеулердің дамуына. Менеджмент жүйесінің дамуы мен кадрларды дайындауға. СТК/СФС Ақпараттық орталықтың дамуына. Институттық дамуға қатысу.

**Біздің міндеттеріміз:** Ақпараттық орталық Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына алдағы енуіне байланысты құрылды. Ақпараттық орталық хабарландыру жөніндегі органның қызметін іске асырады және ақпараттық-кеңестік сипаты бар. Орталық ДСҰ хатшылығымен, ДСҰ елдері мүшелерімен, Кеден Одағы (КО) елдері мүшелері-мен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара байланыста.

1) Саудадағы техникалық кедергілер бойынша және СФС шараларын қолдану бойынша ақпараттармен отандық өндірушілерді қолдау және қамтамасыз ету;

2) Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ДСҰ хатшылығы мен елдер мүшелерінің ақпараттарымен өзара алмасу;

3) Кеден Одағы мен ЕурАЗЭҚ нормативтік құжаттар жобаларымен мүдделі тараптарды ақпараттық қолдау, КО ҚР енуі жөніндегі ақпарат;

4) СТК саласында және СФС шараларды қолдану бойынша ақпараттық қамтамасыз ету, дамыту және жетілдіру.

**Нормативтік-техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры:** Нормативтік-тік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры мемлекеттік ақпараттық ресурсы болып табылады.

Нормативтік-техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры-техникалық реттеу саласында Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамасымен құрылған тәртіпте мемлекеттік құпияларды және басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтен басқа стандарттардың, техникалық - экономикалық ақпарат және нормативтік - техникалық құжаттардың жіктеуіштерінің жиынтығы.

Мемлекеттік қор мынадай мақсатта құрылған:

- Техникалық реттеу, метрология және сәйкестікті растау саласында ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру;

- Техникалық реттеу саласында ақпараттық ресурстардың қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- Халықаралық мемлекетаралық (өңірлік) және ұлттық стандарттарды басым қолдану;

- Техникалық реттеу саласында ғылым - техникалық қазіргі заманғы жетістіктерін қолдануға көмектесу.

Төменде 2 суретте Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік - техникалық құжаттардың құрамы.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар: халықаралық стандарттар, өңірлік стандарт-тар және техникалық -

экономикалық ақпарат жіктеуіштері, Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі ережелері және ұсыныстары, шетел мемлекеттерінің стандарттары, техникалық - экономикалық ақпарат - жіктеу-іштері, шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі ережелері, нормалар және ұсыныстар.

Нормативті - техникалық құжаттарды бекітетін мемлекеттік органдар нормативтік - техникалық құжаттардың бірыңғай қорын жинақтау көздері болып табылады.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды сату бойынша интернет - магазин «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың электрондық көшірмеле-ріне онлайн кіру мүмкіндігін ұсынудың ақпараттық жүйесін әзірледі және енгізді.



2 сурет. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттардың құрамы: 1-Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары ҚР СТ; 2-Мемлекетаралық стандарттар ГОСТ; 3-Ресей Федерациясының стандарттары ГОСТ Р; 4-Еуропа стандарттары мен директивалары; 5-Халықаралық - электротехникалық комиссия стандарттары ХЭК; 6-Халықаралық заңнамалық метрология ұйымының стандарттары; 7-Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым стандарттары ИСО; 8-Неміс стандарттары DIN; 9-Британия стандарттары BS ;10-Еуропалық өңірлік стандарттар;11-Америка стандарттары

Ақпараттық жүйе стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың электрондық құжаттарына онлайн кіру мүмкіндігін ұсынады. Интернет-магазин қолданушыларға каталогтың көмегімен қажетті таңдауға, интернет арқылы тапсырыс беруге, төлемге арналған шотты алуға мүмкіндік береді, төлем жасағаннан кейін қолданушы автоматты режимде «Менің кітапханам» бөлімінде құжаттың электрондық көшірмесін алады.

Интернет-магазин нормативтік-техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының «Библиография» автоматты ақпараттық жүйесімен («Библиография» ААЖ) деректердің синхрондалуы арқылы толады.

Қазіргі күні «Библиография» ААЖ ақпараттық жүйесі ГОСТ, ҚР СТ, ГОСТ Р, ISO IEC ASTM және т.б стандарттардың санаттары бойынша 171004 библиографиялық және толық мәтінді деректерді құрайды.

Интернет-магазин қызметі қажетті құжатты алуға арналған уақытты едәуір қысқартады, қолданушылардың Институтқа өтініш білдіру жөніндегі жалпы шығындарын қысқартады, құжаттарды алу процедурасын едәуір қысқартады. Қазіргі күні қолданушылар саны 3036 тіркелген қолданушыны құрайды.

**Стандарттың жобасын (бірінші редакциясын) әзірлеу.** Стандарттың түсініктеме-сіне төмендегідей мәліметтер енгізіледі: стандартты әзірлеу-дің техникалық-экономикалық негізін келтіру; стандарттау объектісінің сипатта-масы; стандарт жобасының ҚР заңдарынан техникалық регламенттерге, халықаралық (аймақтық) нормаларға, ережелер мен ұсыныс-тарға, сондай-ақ шетелдердің ұлттық стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер; стандарт жобасының басқа нормативті құжаттармен байланысы туралы мәліметтер және оларды қайта қарау, өзгертулер енгізу немесе жою жөніндегі ұсыныстар; стандарт жобасына пікір алу, келісу үшін тарау туралы мәліметтер; ақпараттық көздер; стандарттау объектісінің патент тазалығы туралы мәліметтер.

Техникалық комитет (әзірлеуші мекеме) стандарт жобасының ҚР мемлекеттік стандарттау жүйесінің стандарттары мен заң талаптарына сәйкестігін тексереді және оны түсініктемесінен бірге ТК мүшелеріне және мүдделі мекемелерге жібереді. Стандарттың әзірленген жобасы және ол туралы мәлімет немесе аннотациясы мүдделі мекемелермен шетелдік әріптестердің іс-пікірлерін алу мақсатымен мемстандарттың WEB - сайтына енгізілуі керек [3].

Стандарт жобасы стандарттау объектісіне байланысты пікір алу үшін көбінесе стандартқа тапсырыс берушіге, мүдделі мекемелер және қоғамдық ұйымдарға таратылады.

Келісім алу үшін:

- 1) тапсырыс беруге;
- 2) өнім, процесс пен қызметті нормалау, олардың қауіпсіздігін, бақылау міндетін жүктеген мемлекеттің бақылау ұйымдарына;
- 3) Мемстандартқа;
- 4) Қазақтың балалар тағамы мен профилактикалық тамақтану академиясына;
- 5) Стандарт жобасын әзірлеуге байланысты қайта қарау, өзгерту немесе жоюға жататын бір-бірімен байланысты ұлттық техникалық регламент және нормативті құжаттарда әзірлеуші мекемелерге жіберіледі. Мүдделі мекемелердің стандарт жобасына келісім беру, пікір дайындау мерзімі, жобаны алған күннен бастап санағанда 1 айдан аспауы тиіс. Бұл уақыт ішінде пікір келтірмесе стандарт жобасы келісілген болып есептеледі.

**Стандарт жобасының соңғы редакциясын әзірлеу, бекітуге жіберу.** Әзірлеу - мекеме ТК келтірілген пікірлерді ескере отырып стандарт жобасының соңғы редакциясын дайындайды. Қажетті жағдайда стандарт жобасының соңғы редакциясы пікір алу, ұйғарылу үшін қайта таратылады.

Стандарт жобасына келіспеушілік болған жағдайда әзірлеуші - мекеме оларды талқылау және шешу жұмысын ұйымдастырады. Стандарт жобасына өнім қауіпсіздігін бақылайтын мемлекеттік ұйымдардың келісімі бойынша немесе келіспеушілік мәселесін шешу, мүмкін емес болса, стандарттың жобасы ұйғарылмайды.

Келісімге қол жеткізу мүмкін емес жағдайда стандарт жобасы соңғы шешім шығару үшін Мемстандартқа жіберіледі. ТК немесе әзірлеуші - мекеме стандарт жобасының түбегейлі редакциясын қарап, бекіту үшін оның екі данасын ( мемлекеттік және орыс тілінде) Мемстандартқа жіберіледі. Олардың әзірлеуші - мекеменің бастығы қол қойған хатпен жіберілген алғашқы нұсқасы болу керек [4].

Стандарт жобасына қосымша ретінде өнімнің үлгісі көлемі үлкен заттың чертежі (қажеттілік жағдайда) немесе суреті және төмендегі құжаттар бір данадан жіберіледі.

- стандарттың электрондық нұсқасы;
- стандарт жобасына түсініктеме қағаз;

- Мемстандарттан белгіленген форма бойынша пікірлер
- жиынтығы;
- Стандарт жобасының ұйғарылымын растайтын негізгі
- құжаттар (жиналыс хаттамалары);
- Стандарт жобасының түбегейлі редакциясының қараған
- жұмыс тобының жиналысының (ол жүргізген болса) хаттамасы;
- Қабылдау комиссиясының (дегустация комиссиясының көркемдік – техникалық кеңестің ) жиналыс хаттамасы немесе өнімді сынау (қажетті жағдайда) актісі.

**Стандартты бекіту және мемлекеттік тіркеу.** Мемстандарт стандарт жобасын қарап шығып оны бекіту, толықтыру үшін қайтару немесе жұмыс кестесінен алып тастау туралы шешім қабылдауы [5].

Стандартты бекітерден бұрып Мемстандарт оның республикада қолданылатын заңдардың талаптарына, техникалық регламенттерге, мемлекеттік стандарттау жүйесінің стандарттарына, өзара байланысты мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық, аймақтық және шетелдердің ұлттық стандарттарының талаптарына, метрологиялық ережелер мен нормаларға, қолданылып жүрген терминологияға, стандарттарды құру және баяндау (жазу) ережелеріне сәйкестігін тексереді. Мемлекеттік стандарттар Мемстандарттың қаулысымен бекітіліп, күшіне енеді.

Негіз қалаушы (ұйымдастыру - әдістемелік) және жалпы техникалық стандарттар, қабылдау ережелері, бақылау тәсілі, буып-түйу, таңбалау, тасымалдау және сақтау стандарттарын бекіткенде қолдану мерзіміне шек қойылмайды, тексеру уақыты көрсетіледі.

Өкімдер мен технологиялық процесстер, қызметтері жөніндегі мемлекеттік стандарттарды өнім мен технологияны жаңарту уақытын ескере (көрсете) отырып шектеулі (5 жылдан артық емес) мерзімге бекітеді. Стандартты күшіне енгізу күні оны бекіткен кезден кемінде бір жылдан кейін болып белгіленуі керек. Алайда кәсіпорын, мекемелер қолдануға дайын жағдайда болса бекітілген стандарттар басқа кез келген күні күшіне енгізілуге болады, бірақ бекітілген және тіркеуге алынған күнінен бұрын емес.

Бірақ бекітілген мемлекеттік стандарттар Мемстандарттан белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік стандарттардың мемлекеттік тізіміне енуі(тіркелуі) тиіс. Қажет болған жағдайда мемлекеттік стандарттар әзірлеуші-мекемеге толықтап жетілдіру үшін қайтарылады немесе әзірлеуден алынып тасталады.

Әзірлеуден алыну себептеріне:

1. стандарттың жобасы ҚР-нда қабылданған стандарт және техникалық регламенттердің міндетті талаптарына сай келмеу;

2. стандартты әзірлеу кезінде пайда болған келіспеушілікті шешу мүмкін емес болса;

3. қолданыстағы мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттардың талаптары қосарлану (егер әзірлену үстіндегі стандарт жобасында олардың қызметін тоқтату көрсетілмеген болса ) сияқты себептер жатуы мүмкін.

Стандартты тексеру және жаңарту жұмыстары елдің қорғаныс қабілеті мен экономиканың және халық қажеттілігі бойынша және халықаралық талаптарға сәйкес атқарылады.

Мүдделі заңды және жеке тұлғалар ұсыныс ретінде өзгерту жобасын немесе қайта қараған стандарт жобасын келтіруге болады.

Әзірлеуші-мекеме түскен ұсыныстарды ескере отырып, стандарт жобасын (стандартқа кіретін өзгерістерді) немесе стандартты қайта қарау немесе жою туралы ұсыныс пікірін Мемстандартқа келтіреді. Мемстандарт стандартты жою туралы шешімді мүдделі – мекемелердің ұсынысы бойынша жасайды.

Мемлекеттік стандарттау жоспары Мемстандарт уәкіл еткен стандарттау жөніндегі кәсіпорынымен (уәкіл органмен) жоспарланған кезеңге стандарттау, метрология және

сертификаттау жөніндегі басымдық бағыттарға сүйенген, ТК, МТК, мемлекеттік басқару органдары, заңды және жеке тұлғалардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Жоспарлау кезде ТМД елдері мен Қазақстанда міндетті сертификаттауға жататын ағымдағы және ұзақ мерзімді мемлекеттік және салалық ғылыми-техникалық жұмыстың жоспарлары, Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық жоспарлары, әлеуметтік-экономикалық жоспарлары, Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданған заңдық және басқа да нормативтік құқықтық актілер, мемлекетаралық стандарттау жөніндегі жұмыстар бағдарламалары ескеріледі [6].

Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, өзгерістерді енгізу, қайта қарау және жою жөніндегі ұсыныстарды мүдделі және жеке тұлғалар ұсынады.

**Қорытынды:** Стандарттау деп ғылым, техника мен экономика саласында бір ізге келтіріліп, белгілі саладағы ең шекті деңгейіне дейін тәртіптелген жүйені айтамыз. Ол нарықты экономиканы басқаруды жетілдіруге, техникалық деңгейін және өнімнің сапасын көтеруге, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттырып жетілдіруге, өнім номенклатурасының тиімділігін қалыптастыруға, ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануға бағытталады.

Институттың мақсаты - дұрыс және экономикалық нұсқаны іздеу, яғни дұрыс шешім табу. Табылған шешім белгілі бір стандарттау саласында орынды тізбектеуге жетуге мүмкіндік береді. Стандарттау мақсатын қамтамасыз етуіне сәйкес жалпы және одан да кіші бөлімдерге бөлуге болады. Стандарттар Отандық және шетелдік ғылым мен технология, техника мен озық әдістер негізінде құрастырылады. Мұнда ғылыми-зерттеу, тәжірибе – конструкторлық және жобалау жұмыстары негізі ретінде қолданылады. Қазақстан Стандарттау және Сертификаттау институты (ҚазСтИн) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы.

Алдағы уақытта Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты «Қазақстандық сертификаттау және стандарттау институты» негізінде саудадағы техникалық кедергілер, бойынша Ақпараттық орталық құрылды. Институт туралы, құрылымы, стратегиялық бағыты, нормативті құжаттарды енгізу және маңыздылығын арттыру, техникалық реттеу саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмыстарын ұйымдастыру, ұйымдық стандарттау жобалары келтірілген.

Стандарт туралы негізгі түсініктемелер, стандарттаудың тарихы, мақсаты мен міндеті, ұйымдар, техникалық комитеттер туралы мәліметтерді жаздым. Институт техникалық реттеу және менеджмент жүйесі саласындағы мамандарды, экономика және әлеуметті саланың нақты секторындағы жұмыскерлерді, зиялы қауым, орта және кіші бизнес өкілдерін оқытуда.

Институттың кадрларды даярлау және қайта даярлау саласындағы негізгі мақсаты - сарапшы аудиторларды дайындаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету, базалық инфрақұрылымды дамытуға, сапалы қызмет көрсетуге, қауіпсіз өнім өндіруге көмектесетін техникалық реттеу және менеджмент жүйесі саласындағы мамандардың білім деңгейін жетілдіру және қазақстандық нарықта қажет етілетін тауарды шығарған елді анықтау бойынша, өнім мен қызмет көрсетудің сәйкестігін растау бойынша, сарапшы – аудиторларды, стандарттау бойынша бәсекеге қабілетті сарапшы аудиторларды даярлау болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Самсаев М.Б.; Самсаев И.М.; Жүнісбаев Б.Ж; Илямов Х.М.; Сафарғалиев А.Е. Өзара ауыстырымдылық, стандарттау, сертификаттау негіздері және метрология. - Алматы: «Бастау» баспасы. 2008.- 262 б.

[2] Мендебаев Т.М.; Асқаров Е.С.; Ермекбаев Ә.Ө.; Жаханова И.Ж. Стандарттау, метрология және сертификаттау. -Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 2011.- 368 б.

[3] А.Ш Жүнісова; Г.С Жетесова. Стандарттау (дәрістер курсы) оқу құралы.- Қарағанды: ҚарМТУ баспасы. 2009. -113б.

[4] Мырзабай М.М. и др. Основы стандартизации, метрологии, сертификации и менеджмент качества. Алматы: ЧП «ЮАТ», 2003.- 351 б.

[5] Основы стандартизации, метрологии, сертификации и менеджмента качества. /Учебное пособие под редак. Тазабекова. - Алматы: 2003 г. - 450 с.

[6] Е.М. Лифиц. Основы стандартизации, метрологии и сертификации. - М.: Юрайт. 2000 - 465 с